

"Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 25 наурыздағы № 112 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 сәуірде № 4877 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 187 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 04.05.2020 № 187 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 16-бабы 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 24 "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13161 тіркелген) бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 137 "Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4338 тіркелген, 2015 жылғы 16 маусымда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);";

регламентте және оның қосымшаларында ""Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынға (бұдан әрі – "ЖерҒӨО" РМК)", "халыққа қызмет көрсету орталығының ықпалдастырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ХҚКО БЫЖ)", "ХҚКО БІАЖ", ""ЖерҒӨО" РМК", ""

ЖерҒӨО" РМК-ға", "ХҚКО-на", "ХҚКО қызметкері", "ХҚКО арқылы" деген сөздер "Мемлекеттік корпорацияның филиалына", "Мемлекеттік корпорацияның ықпалдастырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – МК ҒАЖ)", "МК ҒАЖ", "Мемлекеттік корпорацияның филиалы", "Мемлекеттік корпорацияның филиалына", "Мемлекеттік корпорацияға", "Мемлекеттік корпорацияның қызметкері", "Мемлекеттік корпорация арқылы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Ж . М . Б е к с а р ы ғ а жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 24 "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы қолданысқа енгізілгеннен бұрын емес.

Ақтөбе облысының әкімі

Б.Сапарбаев